**Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2001 жылғы 23-24 мамырдағы Армения Республикасына ресми сапарының барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 18 тамыз N 1085

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2001 жылғы 23-24 мамырдағы Армения Республикасына ресми сапарының барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды іске асыру жөніндегі іс-шаралардың жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша) және мүдделі ұйымдар (келісім бойынша) жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі тоқсан сайын Жоспардың орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметін хабардар етіп отырсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 жылғы 18 тамыздағы
N 1085 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың
2001 жылғы 23-24 мамырда Армения Республикасына
ресми сапары барысында қол жеткізілген уағдаластықтарды
іске асыру жөніндегі іс-шаралардың
Жоспары

---

N ! Іс-шара ! Орындау ! Орындалуы үшін

| р/с | | мерзімі | жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Мынадай құжаттардың күшіне енуі<br>жөніндегі қажетті мемлекетішілік<br>рәсімдерді жүргізу: | | |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі<br>мен Армения Республикасының Үкіметі<br>арасындағы стандарттау, метрология,<br>сертификаттау және тіркеу саласын.<br>дағы ынтымақтастық туралы келісім | 2001 жылдың<br>III тоқсаны | Қазақстан Республика.<br>сының Экономика және<br>сауда министрлігі |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі<br>мен Армения Республикасының<br>Үкіметі арасындағы құқықтық ақпарат<br>алмасу туралы келісім | 2001 жылдың<br>IV тоқсаны | Қазақстан Республика.<br>сының Әділет<br>министрлігі |
| | Қазақстан Республикасының Әділет<br>министрлігі мен Армения Республи.<br>касының Әділет министрлігі арасын.<br>дағы ынтымақтастық туралы келісім | 2001 жылдың<br>IV тоқсаны | Қазақстан Республика.<br>сының Әділет<br>министрлігі |
| 2 | Төмендегі құжаттарды қол қоюға<br>әзірлеу: | | |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі<br>мен Армения Республикасының Үкіметі<br>арасындағы халықаралық автомобиль<br>қатынасы туралы келісім | 2001 жылғы<br>қазан | Қазақстан Республика.<br>сының Көлік және<br>коммуникациялар<br>министрлігі |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі<br>мен Армения Республикасының<br>Үкіметі арасындағы тауарлардың<br>(жұмыстардың, қызметтер көрсету.<br>дің) экспорты мен импорты<br>кезінде жанама салықтар алу<br>қағидаттары туралы келісім | 2001 жылғы<br>қазан | Қазақстан Республика.<br>сының Қаржы министр.<br>лігі, Қазақстан<br>Республикасының<br>Мемлекеттік кіріс<br>министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Армения Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі арасындағы өзара іс-қимыл мен ақпарат алмасу туралы келісім | 2001 жылғы қазан | Қазақстан Республика. сының Мемлекеттік кіріс министрлігі |
| | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Армения Республикасы Орталық Банкі арасындағы келісім | 2001 жылғы қазан | Қазақстан Республика. сының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) |
| | Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Армения Республикасы Орталық Банкі арасындағы қаржы-банк жүйе. сінде ақпарат алмасу және зерттеулер саласындағы ынтымақтастық туралы келісім | 2001 жылғы қазан | Қазақстан Республика. сының Ұлттық Банкі (келісім бойынша) |
| 3 | Армян жағынан мынадай құжат. тың жобасын жасау және келісу: | | |
| | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Армения Республика. сының Үкіметі арасындағы денсаулық сақтау және медицина ғылымы саласындағы келісім | 2001 жылдың IV тоқсаны - 2002 жылдың I тоқсаны | Қазақстан Республика. сының Денсаулық сақтау ісі жөніндегі агенттігі |
| 4 | Сауда-экономикалық ынтымақтастық: | | |
| | Химия, кен-металлургия өнеркәсібі, түсті металлдар, Астана қаласында зергерлік бұйымдар өндіру саласын. да, ауыл шаруашылық және қорғаныс өнеркәсібі кешендерінде, ақпараттық технологияларды дамыту саласында | | Қазақстан Республика. сының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | екіжақты ынтымақтастықты тереңдету жөнінде шаралар қабылдау | | Экономика және сауда министрлігі, Қорғаныс министрлігі, Көлік және коммуника. циялар министрлігі, "Азық-түлік корпора. циясы" ЖАҚ (келісім бойынша), Астана қаласының әкімі |
| 5 | Көлік саласындағы ынтымақтастық: | | |
| | Ақтау айлағы - Энзели айлағы (Иран) - Армения бағыты бойынша: Арменияға тауарлар тасымалдау және жеткізу мүмкіндігін қарастыру | 2001 жылдың IV тоқсаны | Қазақстан Республика. сының Көлік және коммуникациялар министрлігі |
| 6 | Үкіметаралық сауда-экономика. лық ынтымақтастық комиссиясы бойынша Қазақстан мен Армения бөліктерінің құрамын келісу | 2001 жылғы қазан | Қазақстан Республика. сының Сыртқы істер министрлігі |
| 7 | Қазақстан Республикасына Армения Республикасы Сыртқы істер министрі В.Осканянның ресми сапарының мерзімін армян жағымен келісу (шамамен биылғы желтоқсан) | 2001 жылғы қазан | Қазақстан Республика. сының Сыртқы істер министрлігі |
| 8 | Астана қаласында Қазақстан - Армения үкіметаралық сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі комиссиясының бірінші мәжілісін өткізу | 2001 жылғы қараша-желтоқсан | Қазақстан Республика. сының Сыртқы істер министрлігі |
| 9 | Армения Республикасында Қазақстан Республикасының Елшілігін ашу туралы | 2001 жылдың II жартыжыл. дығы | Қазақстан Республика. сының Сыртқы істер министрлігі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс енгізу | | |
| 10 | Мәдениет саласындағы ынты. мақтастық: | | |
| | Арменияның Қазақстанда және Қазақстанның Арменияда мәдениет күндерін өткізу мүмкіндігін қарастыру | 2002 жылдың ішінде | Қазақстан Республика. сының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі |
| | Түркі тайпаларының тарихи-мәдени құндылықтарын (қыпшақ қолжазбалары) зерттеу үшін Арменияның Матенадаран көне қолжазбалар институтымен ынтымақтастықты жолға қою | 2001 жылдың аяғына дейін | Қазақстан Республика. сының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі, Қазақстан Республика. сының Ұлттық ғылым академиясы |

---

Мамандар:
Багарова Ж.А.
Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК